

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

дайындалатын тағам түрлеріне деген қажеттілікті арттырды. Ол өз кезегінде адамның асқорыту жүйесіне үлкен зиян алып келеді. Спортшының ең алдымен деңі сау болу керек. Ал ол үшін дұрыс тамақтанып диетологтар ұсынған арнайы спорттық диеталарды ұстану керек. Сонда ғана жаттығулар өз жоғары нәтижесін беретін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/note-1>
2. Абсалямов Т.М Общие принципы построения комплексной целевой
3. http://rusnauka.com/8_NMIV_2013/Sport/3_131313.doc.htm
4. <https://kk.wikipedia.org>
5. <http://www.rusnauka.com>
6. <http://confederation.kz/privatecoach/article/view/14>
7. <http://cyberleninka.ru/article/n/osnovy-ratsionalizatsii-pitaniya-bortsov>

ӘОЖ 88.4.

ДӘРІГЕРДЕРДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚҰЛДЫРАУ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Базарбай Алтын

bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, психология мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Б. Байжұманова

XVII ғасырда голланд дәрігері ван Туль-Пси «жанып тұрған шам» деген медициналық-символикалық эмблеманы ұсынды. «Басқаларға жанып тұрып өзім сөнемін» деген ұран жоғары деңгейде қызмет ету деген мағынаны білдіреді, яғни жұмысқа және адамдарға аянбай қызмет ету, адамгершілік және физикалық күшін жұмылдыру (Абрамова, Юдчиц, 1998). «Құлдырау» жанның құлазуы және физикалық күштің жойылуын білдірмейді. Бұл адам жұмысына көңілі толса, жеке тұлғалық және кәсіби жағынан жоғарылауымен байланысты болса, күштер ылғи жанданып отырады.

Эмоционалды құлдырау керісінше, құлазуды, эмоционалды толқудың жойылу мен деформациясын білдіреді. Өздеріне жоғары талап қоюшы және ұзақ уақыт аралығында жұмысына көп күш жұмсайтын адамдар зардап шегушілер болып табылады. «Құлдырау» құбылысы олардың еңбегін өздері қалаған деңгейде мойындамау, өздері қалаған жетістікке жетпеуінен болады (Грабе, 2008).

Burnout (құлдырау, шаршау) терминін алғаш рет 1971 жылы американдық психиатр, психолог Г.Фрейденберг енгізген. Оның пікірінше, «құлдырау» өзін жалғыз, пайдасыз, әлсіз сезінуін білдіреді.

Медицина қызметкерлерінің эмоционалды құлдырау жағдайын зерттеу қазіргі кезде көптеген зерттеушілердің назарында. Эмоционалды құлдырау және стрессті зерттеуде У.Я.Апчел, В.А.Бодров, В.А.Винокур, Л.А.Китаев-Смык, В.Л. Марищук, Н.В.Самоукина, Р.Бриннер, Д.Фонтана және т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты.

Құлдырау және стресс мәселесі адамның психикалық күйінің күнделікті өмірлік қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Бейімделу, кәсіби қиындықтар, «жеке ішкі шиеленістердің» әр түрлі формалары, психикалық әлсіреу феномендері, әлеуметсіздену, шеттетілу, кәсіби-тұлғалық деформация, жұмыстағы қарым-қатынас әрекетсіздігі қазіргі кезде адамның психикалық күйіне, денсаулығына және өмірлік құндылықтарына кедергі болып табылады.

Мысалы, 1992 жылы Англияда дәрігерлердегі жұмыссыздық мәселесі стресспен байланысты болғаны көрсетілген. Зерттелген медицина қызметкерлерінің 1/3 медикаментті заттарды эмоционалды қозуды басу үшін қолданған және осы мақсатта алкогольді

қолданған. 1995 жылы Ұлыбританиядағы жалпы практикадағы 620 дәрігерді зерттеу барысында мынадай жағдайлар байқалды, оларда 41% жоғарғы деңгейдегі қорқыныш белгісі, 26 % клиникалық депрессия, олардың емделушілеріне қарағанда жиі байқалған. Бұл жағдай психологиялық диагностика және кәсіби стрессті жеңуге байланысты семинарлардың өтуіне алып келді. Бұдан басқа, 1990 жылдың ортасында Британдық медициналық ассоциациясы медициналық қызметкерлерге тәулік бойы қызмет ететін психологиялық кеңес беру қызметін ашқан (Винокур, 2002).

Дәрігерлердегі эмоционалды құлдырау ерекшеліктерін өзін өзі диагностикалау, өзіндік талдау жасау арқылы, құлдыраудың ерекшеліктерін қалыпқа келтіру мүмкіншіліктері бар екендігі көрсетіледі.

Медицина қызметкерлерінің стресстік ерекшеліктері мамандықтарына байланысты екені анықталған:

1) Емделушілердің өмірі мен денсаулығына деген жауапкершілік, дәрігерлердің иықтарына ауыр күш болады;

2) Жағымсыз эмоциялардың ұзақ уақыт кеңістікте болуы, қайғыру, ауру, мұңаю, ашуланшақтық, т.б., эмоцияның жағымсыз механизмімен тығыз байланысты;

3) Жұмыс кестесінің ыңғайсыздығы, кешкі, түскі кезекшілік, ағзаға кері әсері, табиғи биоритмдардың бұзылуына әкеліп соқтырады;

4) Дәрігерлер жалақысының жұыстарымен сәйкес келмеуі, мамандықтарына деген түсінбеушілікке әкеліп соғады;

Негативті постстресстік жағдайлар кәсіби қызметке өз әсерін тигізеді және емделушілерге эмоционалды күш, дауыс көтеруге алып келеді. Жалпы терапия дәрігерлерінде құлдырау синдромы хирургтар мен травматологтарға қарағанда жоғары болып келеді.

Отбасындағы, жұмыстағы қайшылықтар эмоцияны қысып үнемдуге әкеліп соғады. Дәрігер эмоциялық күйзелістерін сыртқа шығаруды тежей бастайды, бұл кәсіби және әлеуметтік қатынастарға әсер етеді: «Қаласам мына емделушіге назарымды аударамын, каламасам аудармаймын». Бірақ, дәрігер мұны байқамайды, ол емделушілерге тиісті деңгейде көңіл аударамын дейді, ал емделуші эмоционалды қысымды, сыйламаушылықты, немқұрайлықты сезінеді. Емделушілермен қатар достарымен, туыстарымен байланыста олар қарым-қатынастан шаршайды. Бұл жағдай «адамдардан шаршау» симптомына әкеп соғады. Бұл көрсеткіштер кәсіби қызығушылықтың кемуіне, жоғалуына әкеп соғады. Бұл жағдай дәрігерлер эмоционалды тұрғыда емделушілердің жағдайларын түсіне алмаушылыққа әкеліп соғады.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша кәсіби деформация, медицина қызметкерлерінде уақыт өте келе өсе бастайды да, «құлдырау» дәрежесі жоғарылап, емделушілерге деген агрессивті эмоцияны тудырады.

Митрополит Антоний Сурожскийдің дәрігерлік практикада тәжірибесі бар. Оның ойынша, дәрігерлердің маңызды бағыты аяушылық сезімі, адамдардың қызметтік аймақтарына енуі қажет. «Біз барлығын ақылмен, жүрекпен, қиялымызбен сараптауымыз керек. Емделуші өзіне назар аударғанды, оған аяушылық білдіргенді күтеді. Ол бізді бірінші кезекте құрметтеуге, сыйлауға себепкер болады» (Антоний Сурожский, 2009, б.61).

Эмоциясыз, сезімсіз жауап қайтару құлдыраудың бірден-бір көрінісі, бұл кәсіби тұлғалық деформацияның құлдырауына және адамдармен қарым-қатынаста тежелуге әкеп соғады.

Бұдан басқа дәрігердердің біліктілігін көтеруге арналған курстарда дәрігерлермен жүргізілген практикалық сабақтар мен пікірталастарда медицина қызметкерлері психологиялық көмекке мұқтаж екендіктері анықталған:

1) Дәстүрлі физикалық, химикалық, патологоанатомдық білімдердің артық болуы;

2) «ауру» сөзінің органикалық ауытқулар емес, функционалды бұзылулар есебінде түсінуі;

3) Дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің психология мен психатриядан дайындықтарының аздығы (Конечный, Боухал, 1985).

Бұнымен қоса 81% зерттелушілердің өздеріне көңілі толмаушылығын атап көрсетуге болады, ал 78% «торда қамалу сезімінің» басымдылығы және 55% қобалжу және депрессия байқалған. Бұл нәтижелер көп дәрігерлерде рухани мүмкіншіліктері, діни, саралау трансформациясы бойынша бағыттарға әкеледі.

Стресске төзімділікті арттыру, эмоционалды құлдырауды төмендету үшін, медицина қызметкерлерінде психологиялық қалыпқа келу үшін машықтандыру керек.

Қорытындылай келе, айтатын жайт, дәрігерлермен жүргізілетін психологиялық тренингтік практикалық сабақтар арқылы дәрігерлердің өз ісіне көңілі толуына, тұлғалық өсуіне, кәсіби нәтижелерін мойындай білуіне жағымды әсер етуге болады. «Құлдырау» сезімі жағымды бағыт-бағдар және дәрігерлердегі психофизиологиялық потенциалдың қайта жаңғыруы кәсіби тұрғыдан ғана емес тұлғалық жағынан да жағымды нәтижелерге әкеледі.

Оған қоса, дәрігерлер үнемі өзіндік диагностика жүргізіп отырса, өзіне өзі, өзінің психикалық ахуалдарына үнемі өзіндік талдаулар жасап отырса, осындай іс шаралардың нәтижелеріне дәрігерлердегі эмоционалды құлдырау ішкі психологиялық жағдай мен мамандығына, өзіне деген, өмірге, адамдарға деген көзқарасының оңтайлы өзгеруіне әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Илешева Р.Г. Медициналық психология. Алматы, 1994.
2. Құдиярова Г.А. Психиатрия. Алматы, 1994
3. Абрамова Г.С., Юдниц Ю.А. Психология в медицине. М., 1998
4. Николаева В.В. "Влияние хронической болезни на психику". М., 1987.
5. Фуко М. "История безумия в классическую эпоху". М., 1997.

УДК 27 – 423.42

ПРОБЛЕМА СТРАХА В МИРОВЫХ РЕЛИГИЯХ

Бараненко Николай Юрьевич

movchan-mmm@rambler.ru

студент направления подготовки «Туризм» Высшего учебного заведения Укоопсоюза
«Полтавский университет экономики и торговли», Полтава, Украина
Научный руководитель – М. Мовчан

Среди источников возникновения религии особое значение имеют психологические факторы. Психологические факторы религиозной картины мира свидетельствуют о значительном влиянии психологического характера, потому что бессилие людей перед силами природы и непонятными общественными проблемами вызывало постоянное психологическое напряжение, которое выражалось в страхе. Страх – это «состояние, что выражает неуверенность в поисках надежности, которое обусловлено реальной или мнимой угрозой биологическому или социальному существованию и благополучию человека, обеспечивая при этом, на время, самосохранение индивида» [1, с. 163].

Многие ученые (и особенно исследователи первобытных культур) отмечают, что главной эмоцией у первобытных людей был страх перед окружающим миром, а основным видом страха, который держал в мобилизационной готовности весь организм и одновременно вызывал в сознании фантастические картины, которые отождествлялись с действительностью был страх смерти. Он побуждал людей к ослаблению разумного отражения мира и способствовал возникновению религиозных взглядов.

Философы, ученые и сами служители культов отмечают, что религии в мире являются частью человеческой культуры. По мнению протоиерея А. Меня, «они вырастают вместе с порывом человеческого духа к вечности, к бессмертным ценностям» [2, с. 3]. Но следует